

Бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты өрістете берейік!



СУРЕТТЕ: (оңнан солға қарай) машинист Ш. Рахымжанов, машинисттің көмекшісі И. Қожақметов және көчегар Б. Төлебаев жолдастар сапар-суретті түсірген Г. Иванов.

Еңбекшілердің қажеттерін өтеу — аса маңызды міндет

ССРО Министрлер Советі мен СОКМ Орталық Комитеті социалистік өнеркәсіптің барлық қызметкерлерінің алдына шұғыл міндет — халыққа қажетті товарлар өндіруді барынша өркендету, жаңа бұйымдарды жаншай шығаруды тезірек игеру, еңбекшілердің тұрмыс қажетін отейтін өнімдерін санын көбейтіп, олардың жұмысын жақсарту беру үшін табандылықпен күресудің міндетін қойды.

Міне, осы міндеттерді мүлтіксіз жүзеге асыру жолындағы күреске бүкіл еліміздің өнеркәсіп қызметкерлерімен біздің Панфилов атындағы кәсіпшілік артельдің барлық жұмысшы-қызметкерлері бір кісідей қосылды. Сөйтіп, олар облыс еңбекшілеріне сәнді, берік аяқкиімдерді жеткілікті мөлшерде дайындау жолында едәуір жаңа табыстарға жетісіп келеді.

Үстіміздегі жылдың төртінші тоқсанында облыс еңбекшілеріне 14500 парға жуық пима басылып берілді. Облысымызда тың және тыңайған жерлердің көп игерілуіне байланысты еліміздің түшкір-түшкірінен, ірі қалалары мен селоларынан көмекке мыңдаған жастар келіп жатыр. Бұл патриоттарға жылы аяқкиім дайындап беру — артель мүшелерінің жұмыстағы жауапкершілігі, олардың алдына қойылатын талап-тілектерді бұрынғысынан да жүргізіліп түсті.

Артель коллективі соңғы ноябрь айының өзінде де социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, өнім шығаруды бірсыпыра молайтты. Сонымен бірге, өнімнің сапасын жақсартуға берік, өнімнің құнын кеміту ісінде де жақсы көрсеткіштерге қол жетті. Соңғы айда артельде 8600 пар пима басылып, қала тұтынушыларына және облысымыздың колхоз, совхоздары мен МТС-теріндегі кооперативтерге сатуға орындарында сатылды. Сондай-ақ тың және тыңайған жерлерді көп игеріп жатқан Октябрь ауданының тұтынушыларына екі мың пар пима жөнелтілді. Ал Петропавл аудандық тұтынушылар одағы да біздің артельде өндірілген мыңнан астам аяқкиімдерін аудан еңбекшілеріне сатты.

Аяқкиім шығаруды өсіру, ішкі резервтерді ойдағыдай пайдаланып, өндіріс процестерін онан әрі механикаландыру, барлық жұмысты жөндейерлі әдіспен орындауға көшіру, технологиялық жаңа процестерді меңгеру, жұмысшыларға еңбектің озат әдістерін үйретудің нәтижесінде артельде өткен бір айдың өзінде еңбек өнімділігі 31,5 процент артты. Ал


айлық өндірістік тапсырма 100 проценттен астам болып орындалды. Мәдени-тұрмыс дәрежелері аяқ сайап жақсарып келе жатқан еңбекшілеріміздің тұтыну талаптарының жоғары болуы, олардың тек жоғары сапада өндірілген товарларды ғана таңдап, талғап сатып алатыны заңды іс. Сондықтан да, артельдің барлық жұмысшылары шығарылатын өнім сапасының жақсы болуына баса назар аударып келеді. Соның нәтижесінде өткен айдағы шығарылған өнімнің 70 процентке жуығы жоғары дәрежеде өндірілді.

Облыс еңбекшілерінің күнбе-күнгі өсіп отырған талап-тілектерін қамтамасыз ету үшін біз жылдан-жылға көтеріңкі міндеттемелер алып, өнімді мол шығарудың жолдарын қарастырамыз. Артель өткен 1953 жылда өндірістік тапсырма бойынша 26800 парға жуық пима басып шығаруды міндеттенсе, быйыл тек жылдың төртінші тоқсанының өзінде 25 мың пар пима дайындауға міндеттенді. Мұның өзі жұмысшылардың еңбектегі бірлестігінің, олардың өндірістегі әрбір минут уақытты тиімді пайдалануға, өндірістегі еңбек озықтарының іс тәжірибелерін жете зергітеп көңінен қолдануды талап етеді.

Москва қаласының алдыңғы қатарлы кәсіпорындары коллективтерінің бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты өрістетуге шақырған патриоттық бастамасы артельдің барлық жұмысшы қызметкерлері арасында қызу қолдау тапты. Артель коллективі астанамыздың өндіріс озықтарының шақыруына нақтылы іспен жауап беру үшін пайдаланылмай келген резервтер мен мүмкіншіліктерді түгел өсеңсітеп іске қосты. Сонымен бірге, өндіріс алаңын кеңейте беру жолдарын да қарастырады.

Артель коллективі москвалықтардың үндеуін жете талқылап, ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдығын 1955 жылдың 5 декабріне дейін аяқтап шығуды, оған дейін жоспарланған 205 мың пар пиманы өндіріп, жоспардан тыс 6 миллион 400 сомның өнімін шығаруды міндеттенді. Онымен бірге 1950 жылмен салыстырғанда бұл мерзім ішінде еңбек өнімділігін 15 процент арттырып, өнімнің өзіндік құнын 5 процент кемітетін болды. Бұл міндеттеме сөзсіз орындалады.

Е. САЗОНОВ,
Қаладағы Панфилов атындағы кәсіпшілік артельнің цех бастығы.



СУРЕТТЕ: (оңнан солға қарай) Мінәра Ыбраева, Рая Серезетдинова мен Балғиза Қожантаева жолдастар сменалық жұмысқа кірісер алдында суретті түсірген Г. Иванов.

Москвалықтардың шақыруына жауап

«Комсомолка» тігін фабрикасына жақсы үй беріліп, ол жаңа техникамен жабдықталған. Енді оған қаладағы озат кәсіпорындарының қатарына қосылу үшін цехтар мен цехтардың, бригадалар мен бригадалардың және жеке адамдардың арасында социалистік жарысты ойдағыдай ұйымдастыру, еңбек өнімділігін өсілеп арттырып, өнім сапасын үнемі жақсарту беру қажет.

Бесінші бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау үшін бүкіл совет елінде социалистік жарыс өрістей түсті. Бұл жарысқа Москва кәсіпорындары жақсы бастама көрсетті. Москвалықтардың бастамасы біздің фабрика коллективінің тарапынан да қызу қолдау тауып отыр. Бізде кәзір бесінші бесжылдықты орындаған өндіріс озықтары — таңдаулы қыздар бар. Олардың қатарында Тамара Алексютина, Зоя Тарасюк, Надежда Шкуратова және Валентина Гриднева сыяқты жолдастар бар. Бұл қыздар сменалық тапсырысты үнемі 125 - 130 проценттен орындауды қамтамасыз етіп келеді. Фабрикада 96 тігінші қыз жылдық жоспарды 11 айда орындап, өндірістік жаңа табысқа ие болды. Олардың ішінде, әсіресе Е. Дьякова, Ю. Литвинова және М. Позолотина жолдастар қажырлы еңбектерімен ерекше көзге түсті. Бұл өндіріс озықтары сменалық тапсырысты 220-240 проценттен орындауда және олардың өндірген өнімдерінің сапасы да ойдағыдай.

Фабрика тігіншілері совет тұтынушыларына берік, әсем, денеге қонымды киім-кешекті көп өндіру жолында социали-

стына батыл енгізе отырып, олардың озат әдістерін жете зерттеп үйренуде. Мұның өзі еңбек өнімділігін өсілеп арттыруға және өнім сапасын мейлінше жақсартуға беруге, сондай-ақ, өнімнің өзіндік құнын кемітуге беруге мүмкіндік тудырып келеді. Сөйтіп, облысымыздың тың жерлерін игеруге көмекке келіп жатқан мыңдаған патриоттарға жоспардағыдан тыс жылы киімдерді көп өндіруге жетісіп отырмыз.

«Комсомолка» тігін фабрикасының өндірістік программаны соңғы уақытта ай сайын орындауы үнемі жақсарып келеді. Фабрика коллективі октябрь айының жоспарын 105, ноябрьде 110,6 — декабрьде 112 процент етіп орындады. Коллектив декабрь айында тың және тыңайған жерлерді игерушілерге арнап жоспар бойынша 3 миллион 600 мың сомның өнімін беруге тиіс еді. Фабрика адамдары 4 миллион 100 мың сомның өнімін өндіріп, жоспарды асыра орындау үшін еңбек өнімділігін арттыра түсуде. Соңғы күндері тігіншілер тәулігіне 166 мың сомның өнімін беруде.

Мен өзім тігінші болып істейтін Щеголова жолдас басқаратын бригада социалистік жарыста алда келеді. Менің өндірістегі достарым Қожантаева, Серезетдинова жолдастар 11 айдың тапсырысын 120 - 125 процент етіп орындады. Мен өзім сменалық тапсырысты үстіміздегі жылдың ішінде ай сайын 220-235 процентке дейін орындап келдім.

«Комсомолка» тігін фабрикасының коллективі бесінші бесжылдықты 1955

